Тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқатын, жан-жақты және тұтас дамуын қамтамасыз ететін, балаларға қызмет түрлерін және бірлескен іс-әрекет қатысушыларын таңдауға мүмкіндік беретін дамытушы ортаның құрылуы:

Әр топта тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай эмоционалдық және физикалық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың әрекет түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылды. Дамытушы ортаны құруда **қойылатын жалпы талаптар:** қауіпсіз, қолжетімді, әртүрлі, мазмұнды, көп атқарымды, өзгермелі, тартымды болуы басты назарда болды.

-«Балапан» ортаңғы тобындаа:

Ұлттық құндылықтар ортасында киіз үй жабдықтарымен;

Дамытушы ойыншықтар: «Настенька» балаларға арналған ыдыстар жиыны, Ағаштан жасалған түрлі жиындар: Көліктер, балықтар, жануарлар, көкөністер мен жемістер, жол ережесі; пирамидалар;

Құрастыру ортасы: құрастыруға арналған жинақтар, «Юниор» конструтор жиыны, «Арыстан патшасы», «Трансформерлер әлемі», «Поезд роботтар», «Динозаврлар», «Ертегілер», «Қызыл телпекпен қасқыр портреті», «Көңілді көлік» пазлдар жиындары, үстел үсті ойындары, лото, домино, шашкалар, әртүрлі конструкторлар, текшелер, құрылыс материалдары.

Шығармашылық ортасы: сурет салу, мүсіндеу, жапсыруға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындар, трафареттер, үлгі жұмыстар, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар.

Театрландырылған ойындар: қуыршақ пердесі, театрға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, саусақ театр қуыршақтары, маскалар, кейіпкерлер костюмдері;

Табиғат және ғылым ортасы: танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер, макеттер, карталар, модельдер, көкөніс пен жемістер муляждары.

-«Балдырған» ересек тобында:

Ұлттық құндылықтар ортасы – киіз үй жабдығымен, отбасы мүшелерінің макеті, Сәукеле мен дулыға; Гольф ойынының қазақша нұсқасы; Асық, Бестемше ойындары;

Құрастыру және робототехника ортасы: Лего ойын жиынтығы (үстел, отырғыштары, қабырғаға орнатылған роботтар мен ойындар, көзге әдейі көзілдірігі) дамытушы модульдер, суретті доминолар, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар,

Табиғат жыне ғылым ортасы: табиғат бұрыштары, тәжірибелік алаң бойынша жоба орталары

«Құм патшалығы», Қалдық затқа жаңа өмір силайық», «Зерттеу әлемінің қызықтары», «Бөлме өсімдіктері – қоршаған ортаның маңызды бөлшегі», «Настенька» балаларға арналған ыдыстар жиыны, макеттер, карталар, модельдер, муляждар.

Денсаулық бұрышы: баскетбол, волейбол доптары, теннис ойыны жиыны, скакалкалар, кеглдер, доғалар, әдеттен тыс құралдар.

Мамандықтар ортасы: «Мен болашақта кім боламын» (шаштараз, аспазшы, өрт сөндіруші, дәрігер, мұғалім, полиция, дүкенші – костюмдері мен атрибуттары),

Демалыс ортасы: «Қуыршақтар үйі».

Кітап ортасы: «Кел, кітап оқиық балақай», «Кітаппен бірге, мәңгілік елге», кітаптармен QR көмегімен танысуға болады.

-«Сұңқар» мектепалды тобында:

Ұлттық құндылықтар ортасы – киіз үй, ұлттық киімдегі ата мен әже, дастархан үстелімен макеттері, асық, бестемше ойындары, қабырғалар: ұлттық киімдер, аспаптар, тағамдар, ойындар; Құрастыру және робототехника ортасында:

дамытушымодульдер,күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, үстел үсті ойындары, лото, суретті доминолар, шашка-шахмат, әртүрлі конструкторлар, текшелер, құрылыс материалдары.

<u>Топтардың құзіреттілік орталықтармен заттық дамытушымен жабдықталуы</u>

«Балапан» ортаңғы топтағы (3 жастағы балалар) дамытушы заттық-кеңістік орта.

Ортаңғы топта дамытушы заттық-кеңістіктік орта тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес қауіпсіз, қолжетімді, мазмұнды, өзгермелі және көпфункционалды қағидаттар негізінде ұйымдастырылған. Орта балалардың эмоционалдық жайлылығын қамтамасыз етіп, өз бетінше ойын әрекетін ұйымдастыруына, құрдастарымен қарым-қатынас жасауына және қызығушылығына қарай әрекет түрін таңдауына мүмкіндік береді.

Физикалық қасиеттерді дамыту мақсатында денсаулық орталығы ұйымдастырылып, қимылды ойындарға арналған құралдар, жұмсақ модульдер, туннельдер, тепе-теңдікті сақтауға арналған жабдықтар, массаж жолақтары, түрлі көлемдегі доптар, секіргіштер, ірі және ұсақ моториканы дамытуға арналған ойын материалдары орналастырылған.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін сюжетті-рөлдік ойындар орталығы («Дәрігер», «Дүкен», «Шаштараз», «Қуыршақ үйі»), театрландырылған ойындар бұрышы, саусақ театры, үстел үсті театрлары, кейіпкерлер маскалары, қуыршақтар және кітап бұрышы жабдықталған. Бұл орта балалардың сөздік қорын молайтуға, диалогтік сөйлеуін және қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту үшін сенсорлық ойындар, пирамидалар, қарапайым пазлдар, сұрыптау ойындары, табиғат бұрышы және дидактикалық материалдар пайдаланылып, балалардың салыстыру, топтастыру, бақылау және қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды анықтау дағдылары қалыптастырылады.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту мақсатында шығармашылық орталығында сурет салу, мүсіндеу, жапсыруға арналған

қауіпсіз материалдар орналастырылған. Табиғат бұрышындағы табиғи материалдармен қарапайым зерттеу әрекеттері ұйымдастырылып, балалардың қызығушылығы мен шығармашылық белсенділігі қолдау табады.

Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру бағытында ұлттық құндылықтар орталығы, оңаша демалыс бұрышы және бірлескен ойын аймақтары ұйымдастырылған. Ұлттық ойыншықтар мен киіз үй жабдықтары арқылы балалар туған елінің мәдениетімен танысып, өзара сыйластыққа, достыққа және жағымды эмоционалдық қарым-қатынасқа тәрбиеленеді.

«Балдырған» ересек топтағы (4 жастағы балалар) дамытушы заттық-кеңістіктік орта.

Ересек топтағы дамытушы орта тәрбиеленушілердің дербестігін, танымдық белсенділігін және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Физикалық қасиеттерді дамыту үшін спорт бұрышында қимылды ойындарға арналған құралдар, гимнастикалық доғалар, кеглилер, доптар, секіртпелер, тепе-теңдікті дамытуға арналған құралдар және моториканы жетілдіретін ойын материалдары орналастырылған.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту мақсатында кітап орталығы, театрландырылған ойындар орталығы, сюжетті-рөлдік ойындар бұрышы және үстел үсті ойындары ұйымдастырылған. Балалар көркем әдебиетпен танысып, ертегілерді сахналау арқылы байланыстырып сөйлеу, пікір алмасу және қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту үшін құрастыру орталығы, логикалық ойындар, лото, домино, шашка, конструкторлар, танымдық дидактикалық ойындар, табиғат және ғылым орталығы жабдықталған. Табиғи материалдар, макеттер, модельдер және муляждар арқылы бақылау, салыстыру, зерттеу және қарапайым тәжірибелер жүргізу ұйымдастырылады.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту мақсатында шығармашылық орталығы сурет салу, жапсыру, мүсіндеу және қол еңбегіне арналған материалдармен қамтамасыз етілген. Табиғат және ғылым орталығында қарапайым тәжірибелер жүргізіліп, балалардың зерттеушілік қызығушылығы мен шығармашылық ойлауы дамытылады.

Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру үшін ұлттық құндылықтар орталығы, мамандықтар элементтері бар сюжетті ойындар және бірлескен ойын алаңдары ұйымдастырылған. Балалар ұлттық мәдениетке қызығушылық танытып, құрдастарымен ынтымақтастықта әрекет етуге, өз ойын еркін жеткізуге және ортақ шешім қабылдауға үйренеді.




АПТЕКА






МЫ СЧИТАЕМ
ФОРМЫ
мозаика
Аурухана
Больница






BASKETBALL
CLUB


ТАБИҒАТ БҰРЫШЫ
Түн
Таң
Күн
Кеш
Күз


мобильді кітапхана




Таңғаҗар әлемі


Қазақстан